

Келес аудандық білім бөлімі
ЖШС «Алтын ұя-2050» бөбекжай балабақшасында өткізілген
жалпы ата-аналар жиналысының

№1 Хаттамасы

3 - Қыркүйек
2024 жыл

Күн тәртібінде

1. «Келініз танысайық»
2. Ата-аналар комитетін сайлау
3. Бала тәрбиелеудегі өрт ережесін білу.
4. Баланың бас ұстазы – ата-ана.

Сөз алғандар:

3. Калсаева

(мәңгерушісі)

А.Құрымбаев

(шаруа мәңгерушісі)

Г. Умиркулова

(Әдіскер)

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алған балабақшаның
мәңгерушісі 3.Калсаева, балабақшаға жанадан қабылданған балалардың ата-
аналарын таныстырып, оқу жылының міндеттерімен мақсаттарын айтты.
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті
стандарт талаптары негізінде балабақша жұмысын бірнеше бағыттар
бойынша ұйымдастырды.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі
мазмұнын басқаруға қабілетті, зияткерлік қасиеттері дамыған,
негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған оқу,
тәрбие жұмыстарын жүргізу.
2. Педагогтың ата-аналармен бірге белгілі мақсатқа қол
жеткізу үшін балабақша өміріне қатысуы.
3. Кіші топтарда сенсорлы-дидактикалық ойындарды
ұйымдастыру одан әрі дамыту.
4. Балалардың адамгершілік, мінез-құлық нормалары
мен ережелері, Қазақстандық қоғамда қалыптасқан халықтық
салт-дәстүрлер және тұлғалық білім беруде ізгі қарым-қатынасқа
тәрбиелеуді дағдыландыру, - деп өз сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша «Ата-аналар комитетін сайлау» мәселесін
балабақша мәңгерушісі – 3.Калсаева, ата-аналар комитетінің құрамын қайта
сайлаудың қажеті жоқ екенін айтты. Ата-аналар қауымы бір ауыздан қолдады.

Үшінші мәселе бойынша балабақшаның шаруа менгерушісі, «Бала тарбиеленудегі өрт ережесін білу» тақырыбында нұсқау жүргізді.

«Отбасы жағдайында балаларды, электр қондырғыларынан, табиғи немесе газ «баллондардан», түрлі оттықтардан аулақ ұстаныздар. Балаларды қараусыз қалдыруға болмайды. Техника қауіпсіздігі жайлы бұлдіршіндерге үйде де ақпарат беріп отырыңыздар» делді.

Төртінші мәселе бойынша «Баланың бас ұстазы – ата-ана» тақырыбында балабақша әдіскері, баяндады.

Ата-ана сүйіспеншілігі – адам өмірі жақсы болуының, дене және рухани денсаулығының көзі және кепілі. Сондықтан да ата-аналардың бірінші және негізгі міндеті балаға жұрттың оны жақсы көретінін және оған қамқорлық жасалатынына сенімділік тудыру болып табылады. Ешқашан, ешқандай жағдайда баланың ата-ана махаббатынан күдіктенуіне жол беруге болмайды. Ата-аналар міндеттерінің ең табиғиы, ең қажеттілігі – балаға қай жаста болсын сүйіспеншілік таныту, көңіл бөлу.

Баланың жеке басын және мінез-құлық қасиеттерін теріс бағалаудан үзілді-кесілді бас тарту керек. Өкінішке орай, көпшілік ата-аналар үшін: «Неткен ұқпайтын баласын! Саған неше рет айтуым керек», «Сендей бірбеткей, онбаған баланы туып нем бар еді!», «Сенін орнында бақа біреу болса, айтқызбай-ақ ұға қор еді!» тағы да басқа деп сөгу үйреншікті әдетке айналып кетті.

Ата-аналар махаббатының шынайы формуласы – бұл «мен сені жақсы болғаның үшін ғана емес, сенін бар болғаның үшін, қандай болсаң да осы қалпыңда жақсы көремін», деп өз сөзін аяқтады.

Жиналыс соңында қалы қабылданып, шешім шығарылды.

Шешім:

1. 2024-2025 оқу жылында сайланған ата-аналар комитетінің құрамы өзгеріссіз қалсын.
2. Балабақша шаруа менгерушісі – А.Курумбаев, «Бала тарбиеленудегі өрт ережесін білу» тақырыбында оқыған нұсқауы ата-аналар тарапынан назарға алынсын.
3. «Баланың бас ұстазы – ата-ана» тақырыбында оқылған баяндама қанағаттанарлық деп табылсын.

Балабақша менгерушісі, З.Қалсаева
Хатшы, Ж.Жұмабаева

